

**Астана қаласы №85 мектеп лицейінің жалпы мектепшілік
ата-аналар жиналысының
хаттамасы № 1**

25.10.2021

Ата-аналар – 330

Күн тәртібінде:

1. Мектеп ережесімен және ата-аналар Кодексімен таныстыру. Мектептің даму жоспары. (М.Казиева)
2. 1-4 сынып оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы, брокераждық комиссиясының құрылуы. (Башеева Л.К. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.)
3. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы. (кітапханашы Бейбутқызы Ж.)
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. № 85 мектеп – лицей директоры М.Казиева.

Күн тәртібінде қойылған мәселерге тоқталып ата-аналарды жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырып өтті.

Сөйлегендер:

Мектеп директоры М.Казиева сөз алды. Ата-аналарды мектеп ережесімен таныстырды. Оқушылардың мектеп формасы көк белдемше, кеудеше, ақ жейде (қыз балалар), көк шалбар, көк кеудеше, ақ жейде (ұл балалар) кию керек екендігін айтты. Сабаққа кешікпей келу, сабақты себепсіз босатпау ата-аналарға жүктелетіндігіне тоқталды. Ата-ана Кодексінің мақсат, міндеттері туралы айтты.

2 мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Башеева Л.К. сөз алды.

1-4 сынып оқушыларының 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап тамақпен қамтамасыз етілгендігін айтты. Оқушылардың тамақтануын тексеріп, асхананың санитарлық-гигиенасын тексеру мақсатында 19 адамнан құралған брокераждық комиссия құрылғандығын атап өтті. Комиссия тамақтың сапасын, құнарлығын, санитарлық нормаға сай екендігін тексеріп, бақылап отыратындығын айтты.

3 мәселе бойынша мектептің кітапханашысы Бейбутқызы Ж. сөз сөйледі.

Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы туралы тоқталды. Мектептегі барлық оқулықтар басқа қалалардан келген оқушыларға тарататындығын айтты. Дегенмен, оқушы санының көбеюіне байланысты әлі де оқулықтардың жетпейтіндігін түсіндірді. Келешекте барлық оқушылар оқулықпен толық қамтылатындығын атап өтті.

4 Ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар сұрақтарына мектеп әкімшілігі жауап берді.

Шешімі:

1. Оқушылардың мектеп ережесіне сай болуы. Ата-аналар жауапкершілігіне жүктелсін.
2. Брокераждық комиссия жұмысы жандандырылсын.
3. Оқушылар оқулықпен толық қамтамасыз етілсін.

Мектеп-лицей директоры
Хатшы

М.Казиева

М.Казиева
Л.Башеева